«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК

«Бекітемін»
«Алматы қаласы
музейлер бірлестігі»
КМҚК директоры
Сағындыкова Л.К.
_____
«___» _____ 2024 ж.

ҚОР САТЫП АЛУ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНЫҢ
№ 3 ХАТТАМАСЫ

17 қыркүйек 2024 ж.

Кеңес төрағасы: Р.Қайратұлы – директордың ғылым жөніндегі орынбасары
Комиссия мүшелері:

- **Р.О. Турсумбекова** – бас қор сақтаушы
- **Б.Ж Тайшеев** –Алматы музейінің жетекшісі
- **Л.Ұ. Абекова** - қор сақтау және есепке алу бөлімінің жетекшісі
- **Н.П.Чулакова –** тарихи-мұра бөлімінің жетекшісі
- **М.М.Нурпеисов** – аға ғылыми қызметкер
- **Н.Ж.Бектұрсынов –** реставратор

Кеңес хатшысы: **Э.К. Онайбекова** – қор сақтаушы

Күн тәртібі:

Алматы музейінің қор коллекцияларын толықтыру мақсатында сатып алынуға ұсынылған заттарды бағалау.

Р.О. Турсумбекова - Бүгінгі отырысымызда ақылы негізде ЖК «Жан & К» Ж.С.Рапилов тапсырып отырған теріден жасалған белдікті комиссия мүшелеріне саралап, мәдени, экспозициялық құндылығын зерделей отырып, бағасын талқылауға саламыз. Өткізілген заттарға рәсімделген сараптау комиссиясының қорытындысы мен арнайы компания ұсынған бағалау құнын қарап, ондағы заттардың сипаттамасы және жалпы жай-күйімен танысыңыздар. Аталған заттарды мұқият қарап, өз пікірлеріңізді ортаға салуларыңыз сұралады.

І. ТЫҢДАЛДЫ:

Л.Ұ. Абекова – Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған бұйым – кемер белдік. Қоңыр түсті былғарыдан жасалған. Белдіктің ұзындығы 90 см, ені 6 см. Бетіне 15 күміс шапталған пластинкалар бекітілген. Пластинка беттері дәстүрлі қазақ оюы-өрнектерімен безендірілген. Жасалу барысында штамптаудың ежелгі техникасы қолданылған. Белдікті безендіруге 3 ақық тасы және шынылар пайдаланған. Сақталуына келсек жақсы сақталған, бірақ шынылар түскен, жоғалған және бетіне көмкерілген күмістер тоза бастаған.

ЖК «Жан & К» Ж.С.Рапилов иесінің сұрап отырған бағасы 1 500 000 теңгені құрайды.

Н.П.Чулакова: Кемер белдік қай кезде жасалған және қай өңірдікі екен?

Р.О. Турсумбекова: Иесінің айтуы бойынша 1890 жылы жасалғандығы жазылып тұр. Белдік Алматы облысының өңірінікі.

Р.Қайратұлы: Бүгінгі таңда қазақ мәдениетіне, этнографиясына байланысты бұйымдар және оларды жасайтын шеберлер жоқтың қасы. Сондықтан музей коллекциясын толықтыру мақсатында мүмкіндік болып тұрғанда алып қалғанымыз абзал. Белдік көне, жасалу техникасы XVIII –XIX ғасырдың шеберлерінікі. Сақталуы жақсы деген ойдамын, кей жерлері ескіре, тоза бастаған. Менің берер бағам 1 200 000 теңге.

Н.Ж.Бектұрсынов: Мен өз пікірімді айта кетсем, жалпы алынғалы отырған ер адамның белдігі құнды, көне, таза былғарыдан жақсы жасалған, пластиналар металдан жасалып, беті күміспен шапталған қазіргі кезде табыла бермейді, алған дұрыс. Бұйымның бағасын сәл түсіру қажет деген пікірдемін, себебі кей пластиналардың шеттері сынған, бетіндегі күмістері кете бастаған. Белдікті алуға және ұсынылған бағамен келісемін.

Б.Ж. Тайшеев: Мен де сізбен келісемін, белдік ескі, құнды, бірегей, жақсы жасалған. Менің байқағаным белдіктің жасалу техникасының көнелігінде, себебі шыны астына қызыл мата салу көне шеберлердің техникасы болып саналады. Алматы музейінің қорын толықтырары сөзсіз. Рүстем Қайратұлының берген бағасымен мен де келісемін.

М.М.Нурпеисов: Жоғарыда айтылған пікірлермен мен де келісемін. Сөз жоқ кемер белдік казақ халқының ұстанған, кезінде көп тұтынған бұйымы. Ал қазіргі кезде бұндай дүниелер жоқтың қасы.

Р.О. Турсумбекова: Зергерлік өнер-халқымыздың ұлттық мұрасы. Қазақтың ұлттық зергерлік өнерінде белдік көшпелі өмірдің салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Белдік ерте заманнан күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоймай, қолөнердің озық үлгісі ретінде ғана емес, әсемділігімен әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан бұйым. Бізге ұсынылып отырған кемер белдік те казақ халқының құнды, бірегей заты. Алматы музейінің экспозициясынан, көрмелерінен өз орнын табады деген ойдамын.

Комиссия мүшелерінің келісімімен ұсынылып отырған кемер белдік бағасы 1 200 000 теңгеге бағаланды.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Комиссия шешімімен көпшілік дауыспен музейлік мәні бар заттардың 1 атаулы бұйым (1 сақтау бірлігі) сатып алынып, негізгі қорға қабылдансын.
2. Қорға сатып алуға ұйғарылған заттарға қатысты комиссия мүшелері белгілеген баға заттың иесіне таныстырылсын.

Алматы қаласы музейлер бірлестігінің қор сатып алу комиссиясының № 3 хаттама музейлік маңызы бар сомасы 1 200 000 (бір миллион екі жүз мың) теңгеге 1 атаулы (1 сақтау бірлігі) бұйым музей қорына қабылдансын.

Қорытынды:

Комиссия төрағасы: Р.Қайратұлы

Комиссия мүшелері: Р.О. Турсумбекова
Б.Ж.Тайшеев
Л. Ұ. Абекова
Н.П.Чулакова
М.М.Нурпеисов
Н.Ж.Бектұрсынов

Хатшы: Э.К. Онайбекова